





ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ

АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ КОДЕКСІ

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқасы: 27.03.2020
	АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ КОДЕКСІ	1 бет

МАЗМҰНЫ

1	Жалпы ережелер	2
2	Білім беру процесіне қатысушылардың міндеттері	3
3	Академиялық адалдықтың бұзылу түрлері	4
4	Академиялық адалдықтың бұзылуы үшін жауапкершілік	5
5	Тәртіптік комиссия	6
6	Қорытынды ережелер	7
	Ескертулер	7

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқасы: 27.03.2020
	АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ КОДЕКСІ	2 бет

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Осы Академиялық адалдық кодексі (бұдан әрі – Кодекс) – Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Қазақ ұлттық өнер университеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде (бұдан әрі – Университет) білім алушылардың, профессорлық-оқытушылық құрамның және қызметкерлердің академиялық және ғылыми ортадағы мінез-құлығын реттейтін нормалар мен қағидалардың жиынтығы.


1.2 Академиялық адалдық кодексі келесілерге сәйкес әзірленген:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңына;
- Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы № 407-IV «Ғылым туралы» Заңына;
- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына;
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына;
- Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт Министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 77 бұйрығымен бекітілген мәдениет және өнер саласындағы білім беру ұйымдары қызметінің қағидаларына;
- Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт Министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 25 бұйрығымен бекітілген аталған министрліктің «Қазақ ұлттық өнер университеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің Жарғысына.

1.3 Кодекстің мақсаты – елдің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуы үшін жоғары білікті, бәсекеге қабілетті мамандарды дайындауда Университеттің стратегиясы мен қызметін қолдауды қамтамасыз ету мақсатында Университетте білім алушылардың, профессорлық-оқытушылық құрамның және қызметкерлердің академиялық адалдық ұстанымдарын қадағалауға жауапкершілігін қалыптастыру, ашық және сенімді қарым-қатынас орнату.

1.4 Академиялық адалдыққа негіз болатын негізгі ұстанымдар:

- Білім беру процесіне қатысушылардың әдепсіздікке, адамның абыройы мен қадір-қасиетін кемсітуге жол бермейтін өзара сыйластығы;
- Білім алушылардың, профессорлық-оқытушылық құрамның өздерінің қызметтік міндеттерін адал ниетпен орындауы;
- Білім алушылар мен оқытушылар арасындағы ашық, адал және сенімді қарым-қатынас;
- Авторлар мен олардың заңды мұрагерлерінің зияткерлік меншігі мен авторлық құқықтарын құрметтеу;
- Білім беру процесіне барлық қатысушылардың өздерінің идеяларын, ойларын, пікірлерін ашық білдіруде, сондай-ақ, осы Кодексті қадағалау

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқасы: 27.03.2020
	АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ КОДЕКСІ	3 бет

және бұзылуы үшін тең жауапкершілікте көрініс беретін еркін және тең қарым-қатынасы.

1.5 Кодекстің негізгі міндеттері:

- Университетте білім алушылардың, профессорлық-оқытушылық құрамның және қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық көріністеріне, мінез-құлық этикасының, авторлық және зияткерлік меншік құқықтарының бұзылуына теріс қарым-қатынасты қалыптастыру;
- Академиялық айлакерлік көріністеріне жол берместен, сапалы адал ниетті оқытуды насихаттау;
- Жемқорлық құқықбұзушылық фактілеріне жол бермеу және жою.

2 БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ


2.1 Академиялық адалдық ұстанымдары Университетте білім алушылардың, профессорлық-оқытушылық құрамның және қызметкерлердің өзара қарым-қатынасының негізгі ұстанымдарын құрайды.

2.2 Білім алушылар міндетті:

- Оқу және ғылыми жұмыстардың кез келген түрлерін орындауда және академиялық ортадағы тілдесуде академиялық адалдық ұстанымдарын білу және қадағалау;
- Басқа тұлғалардың зияткерлік меншігін құрметтеу және дәйексөз келтіруде және осы жұмыстарды пайдалануда барлық талаптарды орындау;
- Қоғамда мінез-құлық этикасын қадағалау, өзін әлеуметте ұстай білуді және өзінің мәдениетін арттыру;
- Өзінің іс-қимылдары үшін жауапты болу, академиялық айлакерлік фактілеріне жол бермеу және осы Кодекс ережелерінің бұзылуы үшін қолданылатын шаралар туралы білу;
- Өзінің ойларын растау немесе шығармашыл шабыт идеяларын көрнекі сипаттау үшін дәйексөз келтірілген авторға сілтеме жасау арқылы сенімді әдебиет көздерін пайдалану.

2.3 Профессорлық-оқытушылық құрам және қызметкерлер міндетті:

- Академиялық адалдық ұстанымдарын білім беру процесіне енгізу, академиялық әділетсіздік жағдайлары көріністеріне жол бермеу;
- Білім алушылардың мәдени және өнегелік дамуына, олардың әлеуметтік дағдыларына және мінез-құлық этикасына назар аудару;
- Авторлық құқықтар, оларды қадағалау және қорғау туралы нормативтік-құқықтық құжаттарды білу;
- Білім алушыларға расталған және сенімді ақпарат көздерін таңдауда қолдау көрсетіп, басқа адамдардың сөздері мен ойларын пайдалануды рәсімдеуге назар аудара отырып, барлық сабақ түрлерін сапалы өткізу.

 КАЗАК ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКА УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқасы: 27.03.2020
	АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ КОДЕКСІ	4 бет

2.4 Білім беру процесіне барлық қатысушылардың міндеті – осы Кодексті қадағалау және оны бұзуы үшін тең жауапкершілік көтеру.

3 АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚТЫҢ БҰЗЫЛУ ТҮРЛЕРІ

3.1 Академиялық адалдықтың бұзылуының келесі түрлері болады:

3.1.1 Плагиат – басқа тұлғаның сіңірген қызметін және/немесе жұмыстарын оның рұқсатынсыз немесе оның жұмыстарына сілтемесіз иемдену;

3.1.2 Көшіру – оқу тапсырмасын орындау немесе емтихан кезінде басқа адамның зияткерлік еңбегін көшіріп алу;

3.1.3 Келісім – білім алушы өзінің атынан тексеруге және бағалауға беретін академиялық жұмыстың кез келген түрін басқа адамның орындауы;

3.1.4 Пара беру – оң баға алу және/немесе орындалған жұмысты тапсырды деп есептеу үшін немесе басқа мақсаттағы жеке пайда үшін Университеттің оқытушысына немесе қызметкеріне кез келген түрде сыйақы беру;


3.1.5 Алдамшылық және жалғандық жасау – түрлі қызмет көрсету орындары жасаған немесе басқа білім алушы орындаған, сондай-ақ, шет тілінен аударылған жұмыстарды білім алушының өзінің атынан ұсынуы.

3.2 Сондай-ақ, 3.1 тармақта келтірілген кез келген бұзылу түрлеріне басқа адамды бейімдеу де академиялық адалдықтың бұзылуы саналады.

3.3 Басқа тұлғаның академиялық, ғылыми, шығармашылық және т.б. еңбектерін заңсыз пайдалану немесе иемдену плагиат болып саналады.

3.4 Плагиат орын алған болып саналады, егер білім алушы:

- Тиісті дәйексөз келтірместен (дәйексөз көзін, жарияланған уақыты мен күнін көрсетпестен, сөзді немесе сөйлемді тырнақшаға алмастан) басқа тұлғаның жазба жұмысынан сөздерді немесе сөйлемдерді тікелей көшіреді;
- Басқа адамның сөздерін мағынасына жақын етіп өзгертеді немесе басқаша айтады немесе түпкі шығармаға сілтеме жасамай, басқа тілден аудармасын пайдаланады;
- Суреттерді, фотосуреттерді, кескіндемелік немесе графикалық жұмыстарды, сызбаларды, бейне/аудио материалдарды түпкі көзін көрсетпестен және/немесе автордың келісімін алмай пайдаланады;
- Жалған ақпарат, жоқ мақалаларға сілтеме береді, тәжірибе нәтижелерін жалған етіп көрсетеді;
- Басқа композиторлардың жұмыстарымен ноталардың бірізді сәйкес келуін пайдаланады;
- Операторлардың, суретшілер мен дизайнерлердің авторлық жұмыстарын пайдаланады, пайдаланылған көркем идеяның авторын (шабыттану көзін) көрсетпестен, оларды өңделген түрде өзінің атынан ұсынады.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқасы: 27.03.2020
	АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ КОДЕКСІ	5 бет

3.5 Жұмыстар плагиатқа қарсы Strikeplagiarism.com жүйесінде тексеріледі және мынадай көрсеткіштер болған кезде оң нәтижемен тест тапсырған болып есептеледі:

- 1) жұмыста 30 %-дан аспайтын дәйексөз бар;
- 2) бакалавриаттың дипломдық жобалары мен ғылыми мақалаларының, эсселерінің және т. б. өзіндік ерекшелігі дәрежесі – кемінде 50%;
- 3) магистрлік диссертациялар, магистрлік жобалар мен ғылыми мақалалардың, эсселердің және т. б. өзіндік ерекшелігі дәрежесі – кемінде 60%;
- 4) докторлық диссертациялар мен ғылыми мақалалардың бірегейлігі дәрежесі-кемінде 90%;
- 5) профессор-оқытушылар құрамының ғылыми мақалаларының өзіндік дәрежесі-кемінде 70%.

Оқулықтар мен әдістемелік құралдарды, профессор-оқытушылар құрамының монографияларын жариялауға ұсынылған оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттердің өзіндік ерекшелігі дәрежесі-кемінде 70%.

3.6 Оң нәтижемен плагиатқа тексеруден өткен білім алушылар бітіруші кафедрада мәтіндік құжатты қарыздың бар-жоғын тексеру нәтижелері туралы анықтама алады.

3.7 Плагиатқа тексеруден өткен кезде теріс нәтижесі бар (белгіленген көрсеткіштерге сәйкес келмеген) білім алушылардың анықталған бұзушылықтары ескеріле отырып, плагиатқа арналған жұмысы пысықтағаннан кейін қайта тексеруден өтеді.

3.8 Плагиат мәніне тексеруден қайта өтпеген және белгіленген көрсеткіштерге сәйкес келмеген жағдайда:

1) жазбаша жұмыстардың ағымдағы түрлері ағымдағы немесе аралық бақылау бойынша бағаны белгілеу кезінде, "қанағаттанарлықсыз" деп бағаланады;


2) диссертация / жоба - қорғауға жіберілмейді, білім алушы оқу жоспарын орындамаған болып есептеледі және бітіруші кафедраның ұсынысы негізінде Университеттен шығарылады.

3.9 Сондай-ақ, авторлық құқықтардың бұзылуы да плагиат саналады.

3.10 Білім алушы өз жұмысы бойынша пайдаланғанын техникалық тәсілдермен жасыруға және өзіндік ерекшелік пайызын жасанды түрде арттыруға әрекет жасаған кезде, «Strikeplagiarism.com» жүйесінде "күдікті құжат" белгісін алғанда, жұмысы пысықтауға және плагиат үшін қайта тексеруге жіберіледі.

3.11 Авторлық құқықтар жарияланған, көпшілік алдында орындалған, көрмеге қойылған туындыларға, сондай-ақ, жарияланбаған туындыларға да қатысты болады.

3.12 Авторлық құқықтар ауызша және жазбаша нысандағы туындыларға, сондай-ақ, дыбыс/бейне жазба, бейнелеу (сурет, бейнекадр, т.б.), көлемді-кеңістікті нысандағы (мүсін, макет, т.б.) туындыларға қатысты қолданылады.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқасы: 27.03.2020
	АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ КОДЕКСІ	6 бет

Идеялар, тұжырымдамалар, әдістер, процестер авторлық құқықтың мәні бола алмайды.

3.13 Реминисценция және шығармашылық туындысының тақырыбын немесе желісін көркемдік пайдалану плагиат болып саналмайды. Реминисценция дегеніміз – бұрын оқыған, естіген немесе көрген өнер туындысына сілтейтін көркемдік жүйесінің элементі.

3.14 Көшіру ретінде саналады:

- Алдын ала дайындалған жазбалы қағаздар, ұялы телефондар мен басқа құралдарды оқытушының рұқсатынсыз пайдалану;
- Басқа білім алушының рұқсатымен және сондай-ақ, рұқсатынсыз оның жұмысын (жобасын) көшіріп алу немесе қайталау;
- Емтихан материалдары және жауап кодтары (тестілеу кезінде) туралы ақпаратты заңсыз жолмен алу.

4 АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚТЫҢ БҰЗЫЛУЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК

4.1 Академиялық адалдықтың бұзылуы үшін келесідей тәртіптік жаза түрлері қарастырылады:

- ауызша ескерту;
- тапсырылған жұмыс үшін бағаны төмендету;
- қойылған бағаны жою;
- бағаланатын жұмысты қорғауға рұқсат етпеу;
- білім алушыны аяқталмаған пәннен төлемақысын толық немесе ішінара қайтармастан босату;
- белгілі бір уақыт кезеңіне тәртіптік ескерту немесе сынақ мерзімі;
- Университет ректорының бұйрығымен жазбаша сөгіс беру;
- Университеттен шығару.


4.2 Кодекстің бұзылуы туралы мәселе академиялық процестің кез келген қатысушысымен қойылуы мүмкін.

4.3 Кодекстің бұзылуы білім алушылардың біліміне ағымдағы, аралық немесе қорытынды бақылауды өткізуде анықталуы мүмкін.

4.4 Ағымдағы және аралық бақылауды өткізу кезінде Кодекстің бұзылуы анықталған жағдайда:

4.4.1 Оқытушы Кодекстің бұзылуы туралы актіні жасайды және оған кінәсінің дәлелімен қоса білім алушының жұмысын факультеттің деканына тапсырады. Факультет Кеңесінің жиналысында білім алушымен әңгіме өткізіледі.

4.4.2 Кодексті үш реттен артық бұзған жағдайда бұзылу туралы актілер Әлеуметтік-тәртіптік комиссияға (бұдан әрі - Комиссия) беріледі.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКА УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқасы: 27.03.2020
	АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ КОДЕКСІ	7 бет

4.4.3 Білім алушының мінез-құлығы тәртіптік жаза туралы шешім қабылдайтын Комиссияда қарастырылады.

4.5 Кодекстің бұзылуы қорытынды бақылауды өткізу кезінде анықталған жағдайда:

4.5.1 Пән бойынша қорытынды бақылауды өткізуді іске асыратын оқытушы немесе комиссия Кодекстің бұзылуы туралы актіні жасайды және оған кінәсінің дәлелімен қоса білім алушының жұмысын факультеттің деканына тапсырады. Декан барлық құжаттарды Әлеуметтік-тәртіптік комиссияға береді.

4.5.2 Білім алушының мінез-құлығы Комиссияда қарастырылады. Комиссия білім алушыға қатысты тәртіптік тәртіптік жаза туралы шешім қабылдайды.

5 ӘЛЕУМЕТТІК-ТӘРТІПТІК КОМИССИЯ

5.1 Әлеуметтік-тәртіптік комиссия – білім алушылардың Кодексті, мінез-құлықтың этикалық нормаларын және тәртіпті бұзуы фактілерін қарастыруды іске асыратын тәуелсіз орган.

5.2 Комиссияның негізгі міндеттері:


- Академиялық адалдықтың бұзылу жағдайларын қарастыру;
- Білім алушының мінез-құлығын бағалау және Кодексті бұзуы үшін тәртіптік жаза түрі туралы шешім шығару;
- Тәуелсіз сараптаманы өткізу;
- Академиялық айлакерлік жағдайларының алдын алу;
- Академиялық адалдық ұстанымдарын қадағалау бойынша профилактикалық жұмыстар.

5.3 Комиссияның құрамына Университет әкімшілігінің өкілдері, факультет декандары, топтардың тәлімгерлері, студенттер кіреді.

5.4 Комиссияның жиналысы қажеттілігіне қарай өткізіледі.

5.5 Кодекстің бұзылуы жағдайын қарастырғаннан кейін Комиссия келесідей шешімдерді шығаруы мүмкін:

- ұсынылған жұмыс үшін бағаны төмендету;
- жұмысты жою және ағымдағы, аралық немесе қорытынды бақылауды қайта өткізуді ұсыну;
- жұмысты жою және жазғы семестр кезінде ақылы негізде пәнді қайтадан өтуді ұсыну;
- ауызша ескерту жариялау;
- білім алушының жеке ісіне енгізілуімен жазбаша сөгіс жариялау;
- ата-анасында хабарлау;
- белгілі бір уақыт кезеңіне тәртіптік ескерту және/немесе сынақ мерзімін жариялау;
- Университеттен шығару.

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ОҢЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқасы: 27.03.2020
	АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ КОДЕКСІ	8 бет

5.6 Әлеуметтік-тәртіптік комиссия даулы жағдайларда тәуелсіз сарапшылардың көмегіне жүгіне алады.

5.7 Комиссияның жиналыстары хаттамамен рәсімделеді. Әрбір жағдай бойынша тәртіптік жаза негіздемесімен Кодекстің бұзылу фактісі туралы қорытынды шығарылады.

6 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

6.1 Осы Кодекс бекітілген күнінен бастап күшіне енеді және жаңаға алмастырғанға дейін әрекет етеді.

6.2 Кодекске өзгертулер мен толықтыруларды Университеттің бөлімшелерінің ұсынулары бойынша Ғылыми кеңес енгізеді.

